«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КӨКСУ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КОКСУСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ»

БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 28 шілде

Балпық би ауылы

ПРИКАЗ

528-н

№

село Балпық би

Бір көзден тікелей шарт жасау тәсілімен сатып алуды жузеге асыру туралы.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдесіндегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» 16-бабының 3-тармағына 2-тармақшасы, «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026-2027 оқу жылына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу баспалардан бір көзден тікелей шарт жасау тәсілімен жузеге асырылсын.
2. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы "Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидалары" № 6 бұйрығының 12-тармағына сәйкес Монополияға қарсы органның қорытындысы мынадай жағдайларда талап етілмейді: 2) білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, оның ішінде электрондық нысанда сатып алу кезінде – Қазақстан Республикасының "Білім туралы" және "Педагог мәртебесі туралы" заңдарына сәйкес, педагогтар белгіленген тәртіппен, заңнамада өздеріне берілген құқық негізінде таңдауды жүзеге асырған жағдайда.
3. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының тікелей шарт жасау жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шешімін қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын

Бөлім басшысы **К.Кузбаев**

000694